

ҚАЗАҚСТАН

ТЕМІРЖОЛШЫЛЫСЫ

■ РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
■ ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№41 (2549) 05/06/2020

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙКЕСӨЗ

Мұхтар МАХАМБЕТ,
«ҚТЖ-ЖҰК ТАСЫМАЛЫ» АҚ БАС
ДИРЕКТОРЫНЫҢ МАРКЕТИНГ
ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ
ОРЫНБАСАРЫ:

«ҰЖЫМДАРДА
БІРЫҢҒАЙ
ТҮСІНІСТІКТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ҮШІН СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ СТАН-
ДАРТТАР, СЫБАЙ-
ЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
САЯСАТЫ ЖӘНЕ
ҚҰПИЯ АҚПАРАТ
БЕРУ САЯСАТЫ
БЕКІТІЛДІ. ҚҰЖАТТАР
КОРПОРАТИВТІК ВЕБ-
САЙТТА ОРНАЛАС-
ТЫРЫЛҒАН»

АКТУАЛЬНО

«НЕТ!» СТИХИЙНОЙ ТОРГОВЛЕ

Постановлением главного санитарного врача на транспорте Казахстана Садвакаса Байгабулова запрещена стихийная торговля не только в пассажирских вагонах, но и в зданиях железнодорожных вокзалов.

Представители полиции на транспорте следят за тем, чтобы стихийные торговцы не смогли попасть в здание вокзала или вагоны, проводят рейды на станциях.

– Также есть мобильные группы, в которые входят специалисты департамента контроля качества товаров и услуг безопасности на транспорте. При наличии таких фактов будем применять самые жесткие требования к начальнику поезда, перевозчикам и к руководителю железнодорожного вокзала, – предупредил Садвакас Байгабулов.

Напомним, с 1 июня текущего года возобновлено поэтапное движение пассажирских и пригородных поездов по внутренним направлениям. В связи с этим департаментом полиции на транспорте МВД для обеспечения охраны общественного порядка усилены наряды полиции на железнодорожных вокзалах и контрольно-наблюдательных постах страны. Начальник департамента Онал Бекиев лично посетил с проверкой подразделения полиции, дислоцирующиеся на железнодорожных вокзалах столицы.

Он встретился с личным составом и обозначил приоритетные направления служебной деятельности: неукоснительное соблюдение законности и служебной дисциплины, обеспечение безопасности пассажиров, защиты граждан от преступных посягательств. Кроме того, приняты меры по максимальному сопровождению пассажирских и пригородных поездов нарядами полиции.

– Убедительная просьба к гражданам: соблюдайте меры безопасности при нахождении на железнодорожных вокзалах, это позволит сохранить ваше здоровье, – напомнил Онал Бекиев.

Также в поездах пока не работают рестораны.

– Если вагоны-рестораны будут функционировать, пассажиры начнут перемещаться по составу, а это запрещено. На железнодорожных вокзалах и автовокзалах имеются стационарные объекты, которым разрешена торговля при соблюдении санитарных норм, – уточнил главный санитарный врач.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

БҮПІНГ САН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ ҚАУІПСІЗ
ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ ЕҢБЕК
ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУ БАҒЫТЫНДА
ҚАБЫЛДАҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
ШЕҢБЕРІНДЕ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

67800

АСТАМ ҚЫЗМЕТКЕР ОҚЫТЫЛҒАН

ПОРТ



ВЛИЯНИЯ ПАНДЕМИИ НЕ УДАЛОСЬ ИЗБЕЖАТЬ

Режим чрезвычайного положения и пандемия повлияли на деятельность инфраструктурных объектов, в том числе и на западные ворота страны – порт Актау. Данные по работе порта за 4 месяца 2020 года показывают, что в апреле по сравнению с январем текущего года снизился объем перевалки зерна, металлов, паромных грузов и нефти.

Асель ШАЙХЫНОВА

В целом, картина сложилась следующим образом: в январе перевалено 193 тысячи тонн нефти, в феврале – 167, в марте – 200, а в апреле – 182. Зерна в январе перевалено 108 тысяч тонн, в феврале – 87, в марте – 61, в апреле – 67 тысяч тонн. Что касается перевалки металлов, то в январе – 1000 тонн, в феврале – 2000, в марте – 1000, в апреле перевалки не было. По другим грузам все более оптимистично: в январе – 50 тысяч тонн, в феврале – 27, в марте – 61, в апреле – 69 тысяч тонн. Паромные грузы в феврале, марте и апреле текущего года не переправлялись, в январе же было отправлено 2000 тонн.

Если в январе в общем объеме перевалено 353 тысячи тонн грузов, то в апреле на 30 тысяч тонн

меньше – 323 тысячи.

Уменьшение объемов производственных показателей обусловлено и принятием прикаспийскими государствами карантинных мер в связи с пандемией, что привело к увеличению затрат времени на обработку судов в портах. Также наблюдается снижение объема транзита контейнерных грузов из Китая и Республики Узбекистан.

В целях недопущения возникновения значительных убытков у портов и выполнения ими в полном объеме всех требований по обеспечению безопасности и защите объектов береговой инфраструктуры, НПП «Атамекен» выработало ряд мер по поддержанию их финансовой устойчивости. Также напомним, что проблемы функционирования транзитно-транспортной сферы экономики прикаспийских

стран стали предметом внимания участников внеочередного саммита Тюркского совета на тему «Сотрудничество и солидарность в борьбе с пандемией COVID-19», который состоялся в апреле текущего года.

В саммите, инициированном президентом Азербайджанской Республики, приняли участие президенты Республики Казахстан, Кыргызстана, Турецкой Республики, Республики Узбекистан, Туркменистана, премьер-министр Венгрии и генеральный секретарь Тюркского совета Багдад Амрев.

Тогда в ходе обсуждений, проходивших в формате видеоконференции, лидеры тюркоязычных стран отметили необходимость содействия транспортным операциям по Транскаспийскому международному транспортному коридору Восток – Запад в целях устранения

негативных последствий глобальной пандемии для экономики стран региона и поручили министерствам торговли и транспорта сторон провести видеоконференции для обсуждения и выработки практических решений, которые обеспечат свободный поток товаров между странами Тюркского совета через Транскаспийский коридор.

На сегодняшний день работа в порту Актау продолжается в особом режиме. Принимая во внимание режим чрезвычайного положения и осознавая ответственность перед своими работниками и всеми заинтересованными лицами, АО «НК «АММТП» применяет все меры по профилактике недопущения распространения коронавирусной инфекции.

Экипажам судов заграничного следования, находящихся на стоянке в порту Актау, запрещен сход на берег. В отделе санитарно-карантинного контроля морского порта Актау имеется помещение-изоляция, оборудованное всеми необходимыми средствами для оказания первой медицинской помощи лицам с признаками коронавирусной инфекции.

Кроме того, принят комплекс мер по обеспечению максимальной безопасности работников. Так, на причалах перед сходными трапами с судов заграничного следования, находящихся на стоянке в порту Актау, установлены дезинфекционные барьеры. Все работники порта обеспечены средствами индивидуальной защиты.

НОВОСТИ

КУРС НА КОНТЕЙНЕРИЗАЦИЮ

Союз транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» предложил разработать отраслевой программный документ, направленный на увеличение доли контейнерных перевозок.

В 2018 году объем контейнерных перевозок достиг 152 миллионов ДФЭ, демонстрируя ежегодный рост в пределах 3-7% в течение последних лет. Кроме того, с конца 90-х годов прошлого столетия по настоящее время наблюдается пятикратный рост перевозок в направлении Европа – Азия – Европа – с 5 миллионов ДФЭ в 1995 году до 25 миллионов в 2018-м.

Исследовав рынок контейнерных перевозок в нашей стране, специалисты KAZLOGISTICS пришли к выводу, что в Казахстане необходимо создать программу контейнеризации железнодорожных перевозок, которая может стать драйвером для всей транспортной отрасли.

Анализ мировых тенденций показал, что в настоящее время контейнеризация на развитых рынках Европы и Америки приблизилась к 100%. В ближайшей перспективе основными полюсами роста мирового контейнерного рынка станут Африка, Индия и другие страны Азии, а также Латинская Америка.

Сегодня наблюдаются глобальный тренд увеличения уровня контейнеризации мировой торговли, а также опережающие темпы роста рынка в абсолютных величинах.

Любовь РОББА
Окончание на 3 стр.

ЦЕЛЬ – НУЛЕВОЙ ТРАВМАТИЗМ

В АО «НК «ҚТЖ» активно внедряется прорывной проект – модуль «Поведенческие диалоги безопасности (ПДБ) в автоматизированной интегрированной системе «Производственная безопасность». Его приоритетом является предупреждение, а не ликвидация последствий получения травм, связанных с игнорированием норм техники безопасности и средств индивидуальной защиты.

Автоматизированная система «Производственная безопасность» – это цифровая мобильная платформа, которая обеспечивает мобильность, обоснованность и скорость реагирования на любые признаки небезопасного труда.

По словам управляющего директора – главного инженера АО «НК «ҚТЖ» Батыра Котырева, модуль позволяет каждому работнику зафиксировать на мобильное устройство любое происшествие, в том числе происшествие без последствий, опасное действие и условия или свое право на остановку небезопасных работ.

– Только работая сплоченно, как одна команда, мы сможем достичь цели нулевого травматизма! – отметил Батыр Котырев.

Запуск модуля проходит поэтапно. Организация работы по загрузке мобильных приложений стартовала 30 марта текущего года в центральном аппарате компании, а закончатся в Актобинском регионе, охватив более 120 тысяч сотрудников.

На сегодняшний день регистрация работников продолжается. Сейчас 49620 человек уже зарегистрированы в системе.

По словам специалистов, на данный момент получены первые результаты – более 2400 ПДБ. И даже был проведен конкурс для самых активных пользователей системы.

– Хочу поблагодарить победителей в номинации «Приверженность принципам безопасного труда», которые не остались равнодушными и зафиксировали Опасные действия, Опасные условия, Остановку работ и происшествия без последствий, тем самым возможно предотвратили происшествие, которое могло привести к травме или же к летальному исходу, – подчеркнул Батыр Котырев.

Жаныбек КЕНЕС

ТАСЫМАЛ

КІРМЕ ЖОЛДАР КІРІСТІ АРТТЫРУДА

Теміржолшылар төтенше жағдай режимінің аяқталуымен бірден қауырт жұмысқа кірісті. Әсіресе жол бойындағы ірілі-ұсақты станцияларда карантинге байланысты тоқырап қалған жұмыстар күрт жанданып, әсіресе кірме жолдарда жүк түсіру жұмыстары бұрын-соңды болмаған деңгейде артып отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Семейдің Аягөз станциясының бастығы Нұржан Жақановтың айтуынша, биылғы жылы Аягөз станциясы бойынша жаңадан ашылған кірме жолдар саны артқан. Сәйкесінше, жүк тиеу мен түсіру қарқын алған. Қазіргі күні станция басында маневрлік тепловоздар саны жеткілікті. Қоғалыс жиілігі жоғары. Биылғы алғашқы 5 айдың басты ерекшелігі, тапсырыс беруші клиенттер санының ұлғаюына байланысты жылдағы үрдіске қарағанда жүк түсіру жұмыстары анағұрлым артып отыр. Мәселен, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда, қазіргі күні ай сайын шамамен 100 вагонға артық жүк түсірілуде. Бір ғана «БолЖар» ЖШС бір маусымға 155 вагон темірбетонды бұйымдар, 181 вагон битумға тапсырыс берген. Сол тәрізді жол жөндеуші «КаДорстрой» ЖШС 150 вагон цемент өнімін түсіруге ниет білдіріпті. Мұның сыртында «НордТехинжиниринг» мердігер мекемесі де жүк түсіруде қомақты үлес алады. Бұлардың барлығы да жүк түсіруде биыл ғана қосылған әріптестер саналады. Сондай-ақ, құрылыс материалдарын өндіретін «Алина-Холдинг» сынды басты әріптестің үлесі жоғары. Аталмыш алпауыт мекеменің бір өзі жаз мезгілінде ең кемі айына 150 вагонға дейін тапсырыс береді. Сол тәрізді Аягөз станциясы бойынша «Шығыс-Даму», «Сәтпаев» ЖК сынды мекемелердің тұйық желілеріне көмір тасымалдануда.

Жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда металл сынықтары мен тыңайтқыштар, құрылыс материалдарын, жергілікті өнеркәсіп өнімдерін тиеу-түсіру ісі де жоғарылап келеді. Нәтижесінде 5 ай



ішінде жүк тиеу фактісі нақты жоспар бойынша жоғарылапты. Қазіргі таңда аягөздік теміржолшылар тәулігіне жоқ дегенде 10-15 вагон жүк түсіруде. Бұл көрсеткіштер таяу аралықта әлі де артады. Себебі, 22-ші жол айрығының тұсынан іргелі қытайлық мердігер компания «ДәнекерЖол» ЖШС қосымша кірме жол салуда. Жаңадан іске кіріскен мекеме жүк түсіру бойынша бір маусымға 300 вагонға тапсырыс бермек.

– Мезгіл жаздың басы болғанымен де жүк түсіру айрықша жоғары. Тораптық станция болғандықтан ол заңды шығар. Оның үстіне карантиннің кесірінен біраз уақыт тұрып қалған өндіріс орындары, жекеменшік жүк жөнелтушілер де жол ашылғасын қимылдап қалғанды жөн көруде. Осыдан былай жергілікті «Аягөз-Көмір» мекемесіне Қаражырадан қатты отын жеткізу мөлшерін ұлғайтатын боламыз. Ал қазір кірме жолдар кірісті арттырып, жалпы осы тұйық желілер есебінен жүк түсіру көлемі рекордтық көрсеткішке жетті, – дейді станция бастығы.

Қазіргі күні Аягөз өңірі бойынша халықаралық автокөлік дәлізінің құрылысы жүріп жатыр. Соған байланысты мазут пен битум тәрізді құрылыс материалдарына тапсырыстар да күннен күнге өсіп отыр екен. Станция бастығы Нұржан Серікқалиұлының айтуынша, экономикалық тиімділікті еселеуде де бірқатар батыл қадамдар жасалыпты. Қысқа мерзімдегі жұмыстардың өзін дұрыс жоспарлаудың нәтижесінде қазіргі нарықтық ахуал теміржолшылар жағында деп болжам жасауға өбден болады. Оның үстіне Орта Азия мен Қытайды Сібірімен жалғайтын тораптық станция Аягөздің логистикалық маңызы күн өткен сайын артып келеді. Бұл жайт станциядағы қат-қабат жұмыстардың ауқымынан анық байқалады.

Ал штаттық кесте бойынша 54 теміржолшы еңбек ететін, маусымдық жағдайда тәулігіне 20 шақты жұп жүк пойызы, онға таяу жолаушы пойызы өтетін тораптық станциядағы жүк айналымы күзге қарай тіптен еселене түседі деп күтілуде.

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ ҚАТАҢ



1 маусымнан бастап жолаушы тасымалы жандана бастағаны аян. Пойыздар жүрмес бұрын оған жан-жақты дайындық жасалып, қауіпсіздік талаптары қатаң тексерілді.

Мысалы, Қызылорда вокзалында «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық теміржол филиалы қызметкерлері оның пандемия жағдайындағы қызметімен танысып, дайындығын тексерді. Вокзал кіреберісінде жолаушылардың дене қызуы тексеріліп, ғимарат ішінде санитарйзер қойылған. Қызметкерлердің барлығы маска, қолғаппен қызмет көрсетеді. Вокзалдағы барлық бөлмелер дезинфекциялық құралдармен зарарсыздандырылған. Қашықтықты сақтауды көрсететін белгілер орнатылған. Сондай-ақ, вокзалда медициналық пункт пен карантин аймағы қарастырылған. Мұнда дене қызуы көтерілген жолаушылар тексеріледі. Осының барлығы жолаушылар тасымалын барынша қауіпсіз тасымалдауға мүмкіндік беретін болады.

Ал 1 маусымнан бастап республика бойынша 54 жолаушылар пойызы іске қосылғаны белгілі. Оның ішінде Қызылорда облысы орталығынан жүретін 5 жұп: №21/22 «Семей- (Алматы)-Қызылорда-Семей», №55/56 «Көкшетау-Қызылорда-Көкшетау», №75/76 «Петропавл-Қызылорда-Петропавл», №117/118 «Қызылорда- (Жезқазған)-Нұр-Сұлтан-1-Қызылорда» және №6843/6844 «Қызылорда-Бесарық-Түркістан» пойыздары жүре бастады. Барлық жолаушылар тасымалы санитарлық-дезинфекциялық талаптардың қатаң сақталуымен орындалатын болады. Бұл ретте, жолаушылар сапарға шығу үшін термометриялық процедуранан өтеді. Темір жол вокзалына және Әуежай ғимаратына тек жолаушылар ғана жіберіледі. Сондай-ақ, жолаушылар отырғызу/түсіру кезінде 1,5-2 метр қауіпсіз әлеуметтік арақашықтықты сақтауы қажет. Жолға шығарда жолаушының міндетті түрде өзімен бірге жеке қорғаныс құралдары – беттерде, санитарйзер болуы тиіс. Теміржолшылар жолаушыларды тиісті санитарлық дезинфекциялық талаптарды орындай отырып, карантин режимін сақтауға шақырады.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ
Суретті түсірген автор

БІРТАЛАЙ КЕМШІЛІК АНЫҚТАЛДЫ



Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің Шымкент жол дистанциясында жүргізілген көктемгі байқау жол шаруашылығына қатысты бірталай кемшілікті анықтады. Комиссиялық байқау барысында жер төсемі, жасанды құрылыстар, жол құрылғылары, өндірістік-техникалық ғимараттар, жол алқаптары, еңбекті қорғау жағдайы егжей-тегжей қаралды.

Жол шаруашылығының орнықты және үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді мақсат тұтатын дәстүрлі шараға орай үш комиссия құрылып, жұмыс істеді. Дистанция бастығы Н.Бастаровтың төрағалығымен құрылған бірінші комиссия 1, 4, 6, 14, 15 жол айналымдарын тексеріп шықты. Екінші комиссияға дистанция бастығының орынбасары Д.Бахиев жетекшілік етіп, бұл топ 2, 8, 9, 10, 12 жол айналымдарын қарады. Үшінші комиссияны дистанция бас инженері міндетін атқарушы Н.Жарылқапов басқарып, 3, 5, 7, 11, 13 жол айналымдары мен 16,17,18,19 цехтардың жұмыстары тексерілді.

Комиссия мүшелері жолдың үстіңгі құрылыс материалдарының жинақталуын, жол алқаптарын, өндірістік-техникалық ғимараттарды жинақы қалыпқа келтіру шараларын, түйіспесіз жолы бар учаскелердегі температуралық режимнің үстіңгі интервалы шегінде температурға сәйкес дұрыс қатырылуын, қамет жерлерде рельс ніндерінде температуралық кернеуді азайту жұмыстарын тексерді.

Тексеру барысында бірінші комиссия негізгі бас жолдардан 118,6 км, станция жолдарынан 48,3 км, бағыттама бұрмалардан 170 жиынтықты тексерді. Екінші комиссия негізгі бас жолдардан – 124,5 км, станциялық жолдар – 57,7 км, бағыттама бұрмалардан – 169 жиынтық, ал үшінші комиссия негізгі бас жолдардан – 129,9 км, станция жолдарынан – 52,4 км, бағыттама бұрмалардан 184 жиынтықты қарады. Барлығы 4301 кемшілік анықталды.

Бұл қандай кемшіліктер дегенге келсек, жол шаруашылығына қатысты кем-кетіктер: тыйым салынған бағыттамалы бұрмалар мен жолдардан табылған кемшілік, негізгі бас жолдар мен станция жолдарының жарамсыз ағаш және темірбетон шпалдарының саны да көбейіп кеткен, жолдың ығысуы, босауы, балластың жетіспеушілігі, рельс табанындағы жарамсыз резиналық төсемдер, рельс төсеніші астындағы жарамсыз резиналық төсемдер, жарамсыз ағаш шпалдар, белдіктер, шпал астының құрғақ лайы тазаланбауы, кей жерлерде жол түзету жұмыстары, түйіспе саңылауларын ретке келтіру жұмыстары жүргізілмеген. Бұл кемшіліктердің бәрі айналымдардың жол шеберлері мен жол бригадирлерінің өз міндеттеріне немқұрайлы қарағандығынан жіберіліп отыр деген қорытынды жасалып, бірқатар лауазымды тұлғалар жауапкершілікке тартылды.

Комиссиялық тексеру барысында табылған кемшіліктерді уақыттылы жоюға іс-шара және күнтізбелік жұмыс жоспары жасалынды. Мәселен, 12 мамыр күні табылған 4301 кемшіліктің 2562-сі дереу жойылды, бұл 59 жиынтық құрайды. Сондай-ақ, табылған кемшіліктерді жоюға қажетті материалдардың тізімі жасалып, жоғары басшылыққа жолданды.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент
Суретті түсірген автор

ЛОКОМОТИВ

«ТЕМІР ТҰЛПАРЛАР» ЖАЗҒЫ ТАСЫМАЛҒА ДАЙЫН

Биыл 10 сәуірден бастап Сексеуіл локомотив пайдалану депосында көктемгі комиссиялық байқау жүргізілді. 24 мамырда аяқталған дәстүрлі тексеру жұмыстарының нәтижесінде депоның жазғы тасымалға дайындығы жоғары деңгейде деп, жалпы жұмыс көрсеткіштеріне оң баға берілді.

Ұлан ОРАЗ

Тексеру барысында жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асыратын локомотивтерді жазғы кезеңге дайындау шаралары қаралды. Атап айтқанда, әрбір бекітілген тепловоз жағдайын жақсарту, тазалау-сырлау, жұмыс жасау тәртібін жаздық кезеңге лайықтап өзгерту жұмыстарына локомотив бригадалары мен депоның басқа да қызметкерлері бір адамдай атсалысып, араласты.

Бүгінгі таңда Сексеуіл локомотив пайдалану депосына қарасты телімдерде 39 ТЭ33А сериялы тепловозы мен 1 2ТЗ10У, УТ тепловозы және 4 ТЭМ маневрлік тепловозы бар.

Міндеттелген жұмысты өз межесінде аяқтауға күш салудан бөлек жазғы тасымал маусымына темір тұлпарлардың жаракты болуы бәріне салмақ екенін ұжымның әрбір мүшесі жақсы түсінеді. Комиссиялық байқаудың алдын ала

отырысы болып, жоспар бекітілген болатын. Онда қолынан жөндеу, сырлау сынды жұмыстарға икемді, шебер жігіттер таңдап алынды. Локомотив бригадаларының күшімен 40 тепловоз ішінара, 4 ТЭМ тепловозы толықтай сырланып, жазғы кезеңде жұмыс істеуге сақадай сай дайын етілді. Локомотив бригадалары тепловоздарды жуып, тазалап, шанағын, жүріс бөлігін тексерді және оларды сырлап, жазғы маусымға дайындады. Тағы бір мақтанышпен айта кетерлік жайт – біздің телімдегі тепловоздардың басым көпшілігі ТЭ33А сериялы жаңа локомотивтер. Олар жуып-тазалағаннан жарқырап шыға келеді. Машинистер мен олардың көмекшілері әрбір тапсырылған істі ұқыпты да тиянақты орындап, әрбір колоннаның машинист нұсқаушылары локомотив бригадаларының уақытпен санаспай дайындық жұмыстарына бір ауыздан атсалысуын ұйымдастырды,



– дейді Сексеуіл локомотив пайдалану депосының бастығы Жангелді Түрединов.

Жалпы бүгінде аталған депода 412 адам еңбек етеді. Соның ішінде 140 машинист, 146 машинист көмекшісі бар. Ұжым басшылығы көктемгі байқау кезінде өз еңбектерімен ерекше көзге түскен теміржолшыларды атап өтіп,

оларға алғыс білдірді. Атап айтқанда, колонна жұмысын жандандыруға атсалысқан машинист нұсқаушылары – Серік Әзеханов, Ерсұлтан Есеркепов, Қамбар Ахметов, Оңғар Аманжолов, Марал Ахмет сынды локомотившілер мен басқа да локомотив бригадалары өз істерін абыроймен атқарып шыққан.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ОРТАҚ

Жосалы станциясындағы оңтүстік алқымда жұмыс істеп жатқандар Қазалы жол және белгі беру дистанцияларының жосалылық телімінің теміржолшылары екен. Олар бүгін бекеттің оңтүстік алқымындағы станциялық жолдарға техникалық күтім жасау жұмыстарын бекітілген кесте бойынша өткізіп, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға өз үлестерін қосуда.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Жосалы

Станция жолындағы 13-ші бағыттамалық бұрмаға күтім жасау жұмысы Қазалы жол дистанциясының Жосалы телімінің жолшылары күшімен, СОБ аға электромеханигі Жаңабек Кемелбаевтың басшылығымен

өткізілуде екен. Ауа-райының қолайсыздығына байланысты күннен қорғану үшін бет-ауыздарын тұмшалап алған теміржолшылар жол қауіпсіздігін сақтау үшін еш кедергіге мойын алдырмастан өз жұмыстарын атқаруда. Бірі шаблонмен рельс пен бағыттамалық бұрманың үшкір ұшының арасын өлшемге алса, екін-

ші бірі оның өлшемін бақылауға алып бұрма білегінің тартымын тексеруде, ал жолшылар болса құралдарымен бекіту, нығайту жұмыстарын атқарады. – Пойыздар жүріп жатқандықтан біздің жауапкершілігімізге тапсырылған жұмыстардың уақыттылы жүргізілуіне жауаптымыз, оны орындау үшін бізге ештеңе кедергі

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ТАЛАСТЫҢ ТЫНЫСЫ АШЫЛА БАСТАДЫ

Тараздан күнбатысқа қарай шығып, Алматы бағытындағы жолға түссеніз, арқырай ағып жатқан Талас өзені көрінеді. Сол өзенді бойлай өтетін теміржолдың бойында Талас станциясы бар. Пандемиялық қауіпті індетке байланысты енгізілген төтенше жағдай, карантин режимдері кезінде қозғалысы кеміп, жұмысы ба-яулап қалған станцияда соңғы аптада шаруа күрт қыза түскен.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Жергілікті теміржолшылар үшін бұл жақсылықтың нышаны болып отыр. «Мәселен, күні кеше Новоросси́скіден бері қарай қант шикізаты жөнелтілді деген хабар алдық. Сонау Кубадан жол тартқан шикізат біздің станция арқылы Тараз қаласындағы үлкен қант зауытына түседі. Ол жерден жартылай өнім өңделіп, аппақ қантқа айналып, Қазақстанның түкпір-түкпіріне жіберіледі. Көбінесе Алматы, Шымкент, Атырау аймақтарына жөнелтеміз. Арасында іргедегі Өзбекстан республикасына да кетеді», – дейді Талас станциясының директоры Омар Оразбақов.

Тараз қант зауытының қуаттылығы күніне 700 тоннаға дейін қант өндіруге жетеді екен. Бұл дегеніңіз, әр күн сайын зауыттан шыққан 12-13 вагон қант станция арқылы межелі жеріне жіберіледі деген сөз. Ал Тараз қант зауытына Кубадан Ресей арқылы



ай сайын 400-450 вагон шикізат келеді.

«Біздің станциямен негізінен қант тасымалы өтетін болса, екінші Тараз қаласындағы барлық әскери бөлімдердің техникасы жеткізіледі. Бұл үшін арнайы жолымыз, эстакадаларымыз әзірленген. Қордай жақтағы «Отар», «Мәтібұлақ» полигондарына, Атырау, Қарағанды аймақтарына әскери техникалар үзіліссіз, әсіресе көктем, күз айларында кетіп, келіп жатады. Олардың барлығына тиісінше қауіпсіз де мінсіз қызмет көрсетуді біздің теміржолшыларымыз әбден меңгерген», – дейді Омар Ескандерұлы.

Жауапты маманның сөзінше, қант зауытының жанындағы мақарон өнімдерінің цехы да теміржол қызметіне жиі жүгінеді. Сонымен қатар станция арқылы ұн, кебек тасымалданады екен.

«Төтенше жағдайға байланысты биылғы көктемгі

байқауды өз күшімізбен өткіздік. Артынан Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінен жасақталған арнайы комиссия тексеріп келіп, оң баға берді. Жалпы, теміржол аса сақтықты, жауапкершілікті талап ететін болғандықтан, бізде тексеру шаралары жиі болады. Мәселен, дәл қазіргі таңда коммерциялық тексеріс жүріп жатыр. Олар да жұмысымызды жоғары деңгейде бағалауда», – деп атап өтті О.Оразбақов.

Талас станциясында қазіргі таңда 19 теміржолшы қызмет атқарады екен. Әрқайсысы өз ісінің маманы, тәжірибелі. Сондықтан болар, соңғы он жылдың көлемінде мұнда ешқандай тосын оқиға, өндірістегі бақытсыз жағдай орын алмаған. «Теміржолшылардың қауіпсіздігі – бірінші орында. Сол себептен техникалық, еңбек қауіпсіздігі ережелерін барынша сақтауға күш саламыз, бүгінгі таңда пандемия індетіне байланысты сақтық шараларын күшейтіп, маска мен антисептикті көптеп қолданып жатырмыз», – деп түйіндеді сөзін станция басшысы.

Станция ғимаратына осыдан бес жыл бұрын ғана күрделі жөндеу жүргізіліпті. Жуырда өткен көктемгі байқауға орай ақтап-сырлап, косметикалық әрлеуден өткен. Қызметкерлер үшін жұмысқа қолайлы жағдайдың бәрі жасалған.

Тараз қаласынан небәрі 8-10 шақырымдай қашықта орналасқан станция төңірегінде халық тығыз шоғырланған. Сондықтан теміржолшылар үшін әрі-бері ағылып жатқан жергілікті тұрғындармен, қаланың шет жағы болған соң бірлі-жарым мал ұстайтындармен қауіпсіздік тақырыбында жұмыс үздіксіз жүргізіліп, ереже талаптары қатаң сақталуы қадағаланады. «Ұра берсең, құдай да өледі» демекші, теміржолшылардың тынымсыз еңбегінің нәтижесі деуге болады, бүгінде жергілікті халық темір жолды тек белгіленген орындардан ғана өтуді әдетке айналдырған. Автокөлік жүргізушілерінің де өткелде тәртіп бұзып, көзге түсуі соңғы жылдары мүлде тіркелмеген десек болғандай.

Суретті түсірген автор



КУРС НА КОНТЕЙНЕРИЗАЦИЮ

Окончание. Начало на 1 стр.
При этом текущая ситуация на рынке железнодорожных перевозок Казахстана характеризуется крайне низким уровнем контейнеризации, не превышающим 2-3%. Учитывая, что такой уровень в основном обусловлен высокими темпами роста транзита грузов в контейнерах – на 50-60% в год за последнее время.
Перевозка грузов в стандартных контейнерах – двадцатифутовом эквиваленте – начала развиваться в 60-х годах прошлого века. Его основными преимуществами являются экономия при перевозках благодаря эффекту масштаба, удобство при сочетании с другими видами транспорта, скорость и своевременность доставки и отсутствие необходимости работать с грузом напрямую, поскольку товары находятся в запломбированном контейнере.
Стоит отметить, что в мировой транспортной системе 60-70% всего объема перевозимых грузов составляет морской транспорт. Начиная с 2000 года динамика перевозок в разрезе грузов демонстрирует трехкратный рост контейнерных грузов. При этом их доля растет и в общем объеме сухих грузов – с 24 до 42% в период с 2000-го по 2017 год.
Вместе с тем, наблюдается переток грузов с

железнодорожного на автомобильный транспорт, в основном за счет предоставления сервиса «от двери до двери» и меньших сроков доставки. Так, за последние годы доля железнодорожного транспорта снизилась с 49 до 41%.
Анализ структуры грузов, перевозимых по железной дороге, показывает, что потенциал уровня контейнеризации составляет около 11%.
Опираясь на полученные данные, СТК «KAZLOGISTICS» предложил разработать отраслевой программный документ, направленный на увеличение доли контейнерных перевозок и включающий такие меры, как пересмотр

Потенциал контейнеризации в экспортном направлении составляет 7,6 миллиона тонн.

тарифных условий на перевозку грузов в контейнерах (обеспечение их конкурентоспособности как с повагонными отправками, так и с автомобильными перевозками, в особенности на небольшие расстояния) и консолидация железнодорожных и сопутствующих активов в рамках одного предприятия для обеспечения эффективной и целенаправленной работы.

Это, по мнению специалистов KAZLOGISTICS, позволит оптимизировать издержки во всех элементах логистической цепочки за счет улучшения технологии и сокращения непроизводительных материальных и временных потерь, снять ограничения скорости при проследовании контейнерных поездов через станции по главному пути, а также устранить узкие места, вызывающие ограничения участковой скорости на маршрутах перспективного движения маршрутных контейнерных поездов и так далее.
Потенциал контейнеризации в экспортном направлении составляет 7,6 миллиона тонн. Это зерно, черные и цветные металлы, удобрения, битум, гудрон и другие грузы.
